



ХҒТАР 16.21.47
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-148-3-226-238>

«Мүңнетүл-гүзат» жазба ескерткішіндегі есім сөздердің лексикалық ерекшеліктері

Г.А. Бегимова^{id}, Н.Қ. Шалғынбай^{id}, М.Ж. Ескиндиrowa^{id}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: gukjik_76@mail.ru, shalgynbai_nurbek@list.ru, manshuk-eskindirova@yandex.kz)

Аңдатпа. Мақалада мәмлүк қыпшақтары кезеңіне қатысты «Мүңнетүл-Гүзат» ескерткішіндегі есім сөздердің лексикалық ерекшелігі талданады. Мәтіндегі соматизмдер және түр-түс атаулары қазіргі қазақ және түркі тілдерімен салыстырылады. Мәмлүк қыпшақтары жалпы қыпшақ жазба ескерткіштерінің маңызды бөлігін құрайды. Мәмлүк қыпшақтары кезеңінде сөздіктер, шығармалар, тіл үйренуге арналған грамматикалық еңбектер жазылған. Ол мұралар тікелей қыпшақ тіліне қатысты. Орта ғасырлардағы қыпшақтардың ауызша сөйлеу тілі мен әдеби тіл нұсқаларының қазақ тілінің қалыптасу тарихын зерттеуде маңызға ие. «Мүңнетүл-Гүзат» әскери өнерге қатысты жазылған еңбек. Бұл ескерткіш тіл білімінде әлі толық зерттелмей келеді. Қазақ тілі тарихына қатысты бұл мәтіннің лексикасының зерттелуі тіл білімі үшін маңызды.

Түйін сөздер: мәмлүк қыпшақтары, қыпшақ тілі, есім сөздер, соматизмдер, түр-түс атаулары.

Түсті: 10.03.2024; Мақұлданды: 16.09.2024; Онлайн қолжетімді: 25.09.2024

Кіріспе

«Мүнйетұл-Гүзат» ескерткіші – XIV ғасырдың екінші жартысында мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған шығарма. Мазмұны жағынан соғыс өнеріне қатысты болып келеді. Шығарманың түпнұсқасы «әл-Фурусийе фи-Ремийл-Сихад» араб тілінде жазылған. Түпнұсқа авторы Мұхаммед бен Якуб (1315-1362) деген адам. Біздің қолымыздағы «Мүнйетұл-Гүзат» сол түпнұсқаның үшінші бөлімінің аудармасы саналады.

«Мүнйетұл-Гүзаттың» жалғыз қолжазбасы сақталған. Сақталу орны Стамбулдағы Топкапы сарайы, III Ахмед бөлімі болды. Бұл қолжазбаның көшірілген жылы 1446 жылға сәйкес келеді. Қолжазда Мәмлүк қыпшақтарының әскери өнері сипатталған.

Орта ғасырларда Мысыр, Сирия жерлерінде саяси және әскери билікке қол жеткізген қыпшақтардың тілінде де жазылған жазба ескерткіштерін зерттеу ісі қазақстандық лингвистер тарапынан қолға алынбай келеді. Жазба мәтіннің өзіндік тілдік ерекшеліктері бар. Мәтін мәмлүк-қыпшақ тілінің қыпшақ элементтері басым болған диалектісінде жазылған. Шығарманың сөздік құрамының 60-70 пайызы түркілік сөздер деп айта аламыз. Қалған сөздік қор араб-парсы тілдеріне тиесілі болып келеді. Бұл еңбек туралы қазақ тіл білімінде зерттеулер жүргізілмеді. Зерттеуші ғалымдарға жазба ескерткіштің аты таныс емес. Сондықтан еңбекке жан-жақты сипаттама берілуі керек.

«Мүнйетұл-Гүзат» еңбегінің басты ерекшеліктерінің бірі – шығарманың қыпшақ тілінде жазылғандығы. Қазақ тілі шығу тегі жағынан қыпшақ тобына жататындықтан осы мәтіннен ұқсас тілдік бірліктерді жиі табуымыз мүмкін. Қазіргі қазақ тілі мен жазба ескерткіштің тілінде тарихи байланыс бар. «Мүнйетұл-Гүзат» қолжазбасының аударылу, көшірілу және зерттелу тарихын арнайы қарастыру қажет. Сонымен бірге лексикалық ерекшеліктеріне талдау жасау керек. Зерттеу жұмысы орта ғасырдағы мәмлүк-қыпшақ тілінде кездесетін есім сөздердің, етістіктердің, көмекші сөздердің лексикалық ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді.

Қыпшақтар Орта Азияны мекендеп, саяси тұрғыдан ықпалды болды. 1220 жылдары моңғол шапқыншылығы олардың үстемдігін жойды. 1223 жылғы Қалқа өзені бойындағы шайқаста моңғолдар тарапынан ауыр жеңіліске ұшырады, ал 1238-1239 жылы моңғолдардың екінші шапқыншылығынан қыпшақтар түгелімен жеңіліс тапты. Қыпшақтардың үлкен бөлігі өз аймақтарында Алтын Орда мемлекетін құрды. Қазіргі таңда қазақ, өзбек және қырғыздарда үлкен рулар, башқұрт және ноғайларда кіші рулар қыпшақ деген атаумен аталады [1, 716]. Сонымен бірге татарлар мен қарайым халқының және гагауыздардың қалыптасуына да қыпшақтар әсер етті деп айтуға болады [2, 5]. Осыған байланысты «қыпшақ» сөзі қазіргі кезде де этноним ретінде өмір сүріп келеді.

Саяси тұрғыдан ықпалды қыпшақтар екі топтан құрылды. Қыпшақтардың маңызды бөлігі жергілікті Алтын Ордадағы қыпшақтар болса, келесі тобы Мысырдағы билікке ие болған мәмлүк қыпшақтары болды. Мәмлүк қыпшақтарының зерттелуі бізге белгісіз деректерді береді.

Мысыр мен Сирия жерлеріне қыпшақтар екі түрлі жолмен келген деуге болады. Себебі моңғол шапқыншылығы кезінде құлдыққа сатылғандар болды және соғыстан ығысып қоныс аударғандар болды. Бұл осы аймақта қыпшақтардың санын арттырды.

Қыпшақтар әскери салада белсенді болды. Аббасит халифасы әл-Мәғмун (813-833) мен әл-Муғтасымның (833-842) әскери күзет бөлімдерінде қыпшақтардың болғаны деректерден белгілі [3, 866]. Жергілікті араб билеушілері әскери бөлімдердегі еңбегі сіңген қыпшақтарды әртүрлі әкімшілік орталықтарына уәли етіп тағайындап отырды. Аймақ басшысы болған қыпшақтар өлкеде қыпшақтардан құралған әскери бірлестіктер құрып, ықпалды бола бастады.

Мәмлүк басқарушылары араб тілін білген. Сонымен қатар халық араб және қыпшақ тілдерін қолданған. Осы кезеңде қыпшақ тілінде де, араб тілінде де әдеби шығармалар туып жатты. Бұл қазіргі қазақ тілі тарихындағы ерекше кезең болды.

Зерттеу әдістері

Жұмысты жазу барысында ғылыми еңбектер негізінде тіл тарихына шолу беріліп, тарихи салыстырмалы, диахронды және синхронды талдау, саралау мен жүйелу және сипаттау әдістері қолданылады.

Нәтиже мен талқылау

Зерттеуші ғалым Я. Экманның айтуынша, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі шығармалардың көбі арабша сауатсыз жазылған, сонымен қоса халықтың көбі қыпшақ тілінде сөйлеген [4, 36]. Бұл деректен қыпшақ тілінің үлкен тапттың тілі ретінде маңызға ие болғанын көре аламыз. Араб тілінде сөйлейтін халықтың қыпшақ тілін меңгеруін жеңілдету үшін тілдің грамматикасына қатысты еңбектер және бірнеше тілдік сөздіктер жазылған. Шығармалардың бәрі ғалымдардың қызығушылығымен емес, сұлтандардың бұйрығы негізінде жазылып жатты. Олардың бір тобы араб, парсы тілдеріне аударылған және кітапханалар үшін туындылар бірнеше реттік көшірулерден өткен.

Жалпы қыпшақ тіліндегі мәтіндердің бірнеше тілдік ерекшеліктері бар. Орта ғасырда пайда болған мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін зерттей келе ғалымдар екі топты анықтаған. Олар:

1) Таза қыпшақ тілінде жазылған туындылар. Бұл топ бойынша бізге жеткен мұралар өте аз. Оған ғалымдар тек «Кодекс-куманикус» туындысын жатқызып жүр;

2) Мысыр жерінде жазылған мәмлүк қыпшақтарының тіліндегі еңбектер.

Дегенмен мәмлүк қыпшақтарынан қалған жазба мәтіндердің тілі жөнінде ғалымдар арасында түрлі пікірлер айтылады. Ғалымдар Ә. Қайдар және М. Оразов сол уақытта Орта Азия және Кіші Азия аймағындағы халықтардың аралас өмір сүргендігін жазады. Жазба мәтіндерді өзіндік тілдік ерекшеліктеріне қатысты бес топқа жіктеген. Олар:

1) Көне түркімен жазба тілі. Бұл тіл XIII ғасырда дамыған, мәмлүктер билігі кезінде қалыптасқан тіл саналады;

2) Оғыз-қыпшақ аралас тілі. Айюбилер әулетінің билігі тұсында оғыздарға ілесе қоныс тепкен қыпшақ тайпаларының тілі;

3) XII ғасырда Сырдария өзенінің бойында қалыптасқан қыпшақ пен оғыздың аралас тілі.

4) Хорезм жерінде қалыптасқан оғыз-түрікмен тілі;

5) Орта Азия жеріндегі «й» тілі [5, 163].

Орта ғасырлардағы отырықшылық өмір салтына көшкен қыпшақ тайпаларының тіліне терең зерттеулер жүргізген ғалымдардың қатарына Я. Экман жатады. «Мәмлүк-қыпшақ әдебиеті» еңбегінде ғалым қыпшақ тіліндегі мәтіндердің фонологиясы және морфологиясына ғылыми талдаулар жүргізген. Ғалым талдауларына сүйене отырып, мәмлүк қыпшақтарының тілі тұрақты емес екендігін айтады. Зерттеу бойынша қыпшақ тілінің үш диалектісі анықталған екен. Олар:

1) Негізгі мәмлүк қыпшақтарының диалектісі: Ғалымның пікірінше, аталған тіл фонология және морфология тұрғысынан салыстыра қарағанда хорезмдік қыпшақ тілімен тығыз байланыста болған диалект;

2) Оғыз-қыпшақ тілдерінің аралас диалектісі. Бұл диалектіде жазылған еңбектер іштей екіге бөлінеді: 1) Қыпшақ элементтері басым мәтіндер, 2) оғыз элементтері басым шығармалар.

3) Толығымен оғыз-түрік тілінің диалектісі. Бұл диалектіге тек Шерифидің «Шахнаме» шығармасы жатады [6, 85]. Айтарлықтай қолданыста болды дей алмаймыз.

«Мүнйетұл-Гүзат» ескерткішінің тілдік ерекшелігін таныту мақсатында есім сөздерге талдау жасаймыз. Есім сөздер өзінің құрамын ұдайы толықтыру үстінде болатын сөз таптары. Олардың ішінде зат есім және сын есімнің туынды сөздері көп болып келеді. «Мүнйетұл-Гүзат» мәтінінде есім сөздерден соматикалық лексика ерекше орын алады. «Соматизм» терминінің мәнін ашатын болсақ, грек тілінде «soma» - «дене», «onim» - «атау» деген мағынаны білдіретін сөз.

Ғалым З.А.Богустың зерттеуінше, соматикалық лексика – жер жүзінің барлық тілдеріндегі сөздердің ежелгі әмбебап бірлестіктерінің бірі - жұмыс істеу процесінде көптеген бірлестіктер мен коннотацияларды біріктіреді және әртүрлі тілдерде белгілі бір жүйені білдіреді [7, 35].

Зерттеуші ғалым Р.Ю.Мугу соматикалық атауларды келесі топтарға жіктеген:

1) сомонимикалық (грек тілінде soma «дене», «onim» атау) – адам денесінің бөліктері мен аймақтарын белгілеп атау үшін қызмет ететін сөздер тобы;

2) остеонимдік (грек. osteon «сүйек») – адам ағзасының сүйектері мен олардың түрлі бөліктерін атайтын сөздердің тобы;

3) спланхнонимикалық (грек. splanchna «ішектер») – адам ағзасының ішкі мүшелерін атау үшін қолданылатын сөздер;

4) ангионимиялық (грек. angeion «тамыр») – адам бойындағы қанның айналу жүйесіне жататын мүшелерді атайтын сөздер;

5) сенсорлық (лат. sensus «сезім») – адам денесіндегі сезім мүшелеріне қатысты атауларды жинақтайтын топ;

6) адам бойындағы ауруларды және түрлі көріністерді білдіретін лексика.

Зерттеу жұмысында аталған мәтінде кездескен соматизмдердің төрт түріне талдау жасап, олардың мәтінде берілуі мен қазақ және басқа да түркі тілдеріндегі қолданысын салыстыра қарау мақсатында 1-кестеде ұсынамыз.

1-кесте. Соматизмдер: адамның бас-бет аймағының атаулары

Индексі	Қазақша аталуы	Түркі тілдеріндегі көрінісі
Baş (баш)	Бас	түркі тілдерінде тек «с-ш» фонетикалық дыбысында ғана айырмашылық бар: бас, баш
Yüz (йүз)	Жүз	түрік, башқұрт, түрікмен, ұйғыр – йүз; қазақ, қырғыз–жүз.
Ağız (ағыз)	Ауыз	құмық – ағыз; башқұрт, қазақ, қарақалпақ – ауыз; түрік – ағыз
Köz (көз)	Көз	фонетикалық ерекшеліктерін айтпағанда, қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр, өзбек, түрік тілдерімен сәйкес деп айтуға болады
kulak (қулақ)	Құлақ	қазақ, башқұрт, татар тілдерінде – құлақ; қарақалп., азербайдж., ұйғыр тілдерінде – гулак, қулақ
Mañglay (маңлай); Alın (алын)	Маңдай	башқұрт, татар, түрікмен, ұйғыр – маңлай; әзірбайжан – алын.
Boyun (бойун)	Мойын	түрік, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде б-м дыбыс алмасуы орын алған
Til (тил)	Тіл	Өзбек, ұйғыр тілдерінде – тил, түрік тілінде – дил.
Biуiқ (быйық)	Миық, мұрт (мұрт өсетін жер)	көне түркі сөздігіндегі кездесетін сөз. Қазақ тіліндегі «миығынан күлу» тіркесінде және «кермиық» сөздерінде кездеседі

Мәтінде кездесетін соматизмдердің келесі бір ауқымды тобы қол-аяқ мүшелері деп айта аламыз. Олардың ескерткіш мәтінінде қолданыс жиілігі де ауқымды. Ол топтағы есім сөздердің индексі мен қазіргі қазақ тіліндегі атауын және қазіргі түркі тілдеріндегі атауын төмендегі 2-кестеде ұсынамыз.

2-кесте. Қол-аяқ мүше атаулары

Мәтіндегі индексі	Қазақша атауы	Түркі тілдеріндегі көрінісі
qol (қол)	Қол	өзбек – қул; алтай, қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, ұйғыр – қол
Bilek (билек)	Білек	өзбек – билак; әзірбайжан, қырғыз, құмық, тува, түрік, түрікмен, ұйғыр – билек, биләк; қазақ – білек.
qoltuk (қолтуқ)	Қолтық	қаз. – қолтық; хак. – холтых, холтырмах; тат. – култык; түрк. – голтук; өзб. – құлтиқ; қырғ. – колтук; қарақалп. – қолтық; ұйғ. – қолтуқ; тува – колдук; түр. – колтук; башқ. – культык; алтай. – колтук; құм. – кьолтукътютюп; әзірб. – голтуг; чув. – хулхушши;
Tırnaқ (тырнақ) Mahrec (махредж)	Тырнақ	қазақ, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр

Tiz (тізе)	Тізе	дыбыстық айырмашылықтарын есептемегенде, осы тілдерде бірдей қолданыста құмық, ноғай, өзбек, ұйғыр, қазақ, қарақалпақ, ұйғыр
Өкше (өкше)	Өкше	қазақ – өкше, түрік – тобық, татар – үкчә, азербайжан.– дабан, түркмен, түрік – топук
Бармақ (бармақ)	Бармақ Саусақ (Елі)	әзірбайжан, түркімен, татар тілінде – бармақ, түрік тілінде – пармақ, өзбек – бармоқ
Ауақ (Айақ)	Аяқ	Өзбек – ойоқ, қырғыз – бут, татар, түркімен – аяқ, түрік - баджак
Торуқ (Топуқ)	Тобық	Татар – тубық; түркімен – топук; азербайжан, түрік – аяқ билеги; өзбек – топик; қырғыз – таман

Кестеде қол-аяқ мүшелері - аяқ,білек, қол,тізе, өкше, тобық, бармақ, тырнақ, қолтық атаулары қамтылды. Бұл жерде тоқтала кететін мәселе – ескерткіштің мәтінінде қол мүшесімен байланысты «айа» сөзі қолданылған. Бұл сөздің мағынасы көне түркі тілінде «алақан» деген атауды білдірген екен. Мәтіннен мысал келтірсек: Ол қарс-қарс айа йапты. (Ол қарс-қарс еткізіп алақанын шапалақтады). Ғалым Б.Сағындықұлы бұл сөздің мағынасы өзгергенін және бірнеше мағыналарға ие екендігін айтады. Бұл сөз, біріншіден, алақанның шұқыры, екіншіден, туып-өскен, тәрбие алған орта дегенді білдірсе, үшіншіден, қойнау, баурай, төртіншіден, ауыспалы мағынада бір нәрсе болып жатқан жердің жалпы көрінісі, соның аясы деген ұғымды түсіндіреді. Бұрынғы кезде бұл сөз жеке дара қолданылған болса, қазір матаса байланысқан сөз тіркесінің екінші сыңарын құрайды: алақанның аясы [8, 161]. Қазіргі қазақ тілінде көне «айа» сөзі «алақанына салып аялау» деген тұрақты тіркес құрамында сақталып тұр. Қазақ тілінде осы тіркеспен сабақтас «аялы алақан» деген тұрақты тіркес жиі қолданылады.

Ескерткіш мәтінінен талдауға алынған соматизмдердің келесі тобы – адам ағзасының ішкі мүшелері. Ішкі мүшелердің мәтіндегі және қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысын 3-кестеде ұсынамыз.

3-кесте. Адамның ішкі мүшелері

Мәтіндегі индексі	Қазақша атауы	Түркі тілдеріндегі көрінісі
qalb (қалб)	Жүрек	Өзбек – йурак; әзірбайжан – үрәк; қырғыз – жүрөк; түрік – калп; түрікмен – йурек; қазақ – жүрек; татар – йөрәк.
Bürek (бүйрек)	Бүйрек	өзбек–буйрак; әзірбайжан – бөйрәк; қырғыз – бөйрөк; түрік – бөбрек; түрікмен – бөурек; қазақ –бүйрек; татар – бөер.
qarın (қарын)	Қарын	Өзбек, әзірбайжан –ошқозон;қырғыз – ашказан; түрік – миде; түрікмен – ашгазан; қазақ – қарын; татар – ашказан.

Boğun (буын)	Буын	әзірбайжан – ойнақ; қырғыз – мууын; түрік – еклем; түрікмен – богун; қазақ, татар – буын;
--------------	------	---

Есім сөздердің сөзжасамға барынша қабілетті екені белгілі. Мәтінде қолданылған «қарын» сөзімен түбірлес келетін, бірақ мағынасы жағынан қазіргі кезде туыстық атауды білдіретін «қарындаш(с)» сөзі кездеседі. Бұл сөздің көне мағынасы басқаша. Бастапқы мағынасы көне түркі сөздіктерінде жынысына қатыссыз бір анадан туған, ата-анасы бір деген мағынаны білдірген. Көріп отырғанымыздай бұл сөздің мағынасы тарылып, туыстық қатынаста өзінен жасы кіші қыз баласын атауда пайдаланылып жүрген сөз.

Ескерткіш мәтінінде назар аудартатын тағы бір есім сөздер тобы – түр-түс атаулары. Кез келген ұлттың тілінде түр-түс заттың сынын білдірумен қатар, елдің тарихын, мәдениетін, психологиясын, әдет-ғұрпын, ассоциациясын және ұлттық танымын көрсете алады. Сол себепті түр-түс атаулары тіл білімінің әр қырынан зерттеу нысанына айналады. Сонымен қоса бір тілдің екінші бір тілмен туыстығын анықтайтын лексикалық топтың бірі де түс атаулары. Қазақ тілінің түр-түс атаулары жалпытүркілік лексикадан туындайды. Осының негізінде біз «Мүңбетұл-гүзат» еңбегінде кездесетін түс атауларын қарастырамыз. Ескерткіш мәтінінде бірнеше түс атаулары қолданылған.

Ескерткіш мәтінінде «levn-ler biri birisindin yahşı-raq turur ammā қаға» қолданысын қарастырсақ, «қара» түсі анықталады. Қара. қаз. – қара; хак. – хара; тат. – кара; түрк. – гарагарамтыл; өзб. – қора; қырғ. – кара; қ.қалп. – қара; ұйғ. – қара; тув. – кара; түр. – кара; ноғ. – кара; башқ. – кара; алт. – кара; құм. – къара; әзірб. – гара; чув. – хура. Ескерткіш мәтінінде қырғыз, ноғай, башқұрт тілдеріндегідей «levn-ler biri birisindin yahşı-raq turur ammā қаға» нұсқасы кездеседі. Берілген мысалдар бойынша «к-қ-г-х» дыбыстарының сөз басындағы фонетикалық өзгерістері болмаса, сөздің морфологиясы өзгеріске ұшырамаған деуге болады.

Қара сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы ауқымды. Көне мағынасында батыр адамды, ірі малды, көрінген сұлбаны, қарапайым халықты және тағы басқа ұғымдарды білдіреді. Сын есім ретінде қара түс пен арам ұғымдарын да білдіреді. «Қара» сөзі түркі тілдерінде негізінен төмендегідей мағыналарға ие:

1) **қара түс.** «Атдын иүз мың пішкіш қылды аның иігірма мыңы боз иігірма мыңы көк уа иігірма мыңы торұқ уа иігірма мыңы қара уа иігірма мыңы чыбар» [9, 56]. Аттан жүз мың сыйлады, ың жиырма мыңы – боз, жиырма мыңы – көк, жиырма мыңы – торы, жиырма мыңы – қара, жиырма мыңы – шұбар. Бұл мысал бойынша қара сөзі толықтай түс атауын білдіреді.

2) **«мал», «тобыр».** Қедей баласына айттырған қыздың қалың малы дегенді білдіреді. Оның көлемі ең көп дегенде он, он бес қарадан аспайтын мөлшерлі [10, 112].

3) **халық;** Төренің уа қараның иау қолына түшмекені Дарунда Дінмұхаммед сұлтан қашыға иығылдылар [9, 300]. Жау қолына түспеген төре мен қара Дарундағы Дінмұхаммед қасына жиылды. Мысалдағы мағына бойынша «қара» сөзі мемлекеттің қарапайым халқын білдіреді.

4) **хан.** М. Қашғари еңбегінде «қара» сөзінің келесі бір мағынасын мына мысалынан көре аламыз: «Накание hanlarina kara denir. Bogra Kara Nakarrgibi». «Хакан хандары

қара деп аталады, мысалы, Богра Кара-хакан». Бұл мысалда аталған сөз негізгі, ұлы мағыналарын үстемелей отырып, хандардың ханы ұғымында тұр.

Кейінгі дәуірлерде қара сөзінің мағынасы қазақ тілінде біршама кеңейді деп айтуға болады. Ол жоғарыдағы мағыналармен шектелмейді. Елдің басынан өткен тарихи оқиғаларға байланысты және фразеологизмдер мен омонимдер қатарында қолданылуына қарай мағынасы кеңейді. Мысалы, «қара қағаз», «қара жамылу» тіркестерін алуға болады. Мұнда «қайғы» мағынасын береді. Омонимдік қатардан мысал келтіретін болсақ, көз жүгірту немесе күтім жасау мағынасында қолданылады. Рабиға біресе Дәуғараға, біресе Әміржанға қарайды [9, 112].

Ескерткіш тіліндегі тағы бір түс атауы – ақ. Мәтіндегі қолданысынан үзінді келтірсек, «*qılmaq irmes levnli süngü takı ak ba'zi kılıc aq*» тіркесін алуға болады. Ақ, қаз.–ақ; хак. – аххуу; тат. – ак; түрк. – ак; өзб. – оқ; қырғ. – ақ; қ.қалп. – ақ; ұйғ. – ақ; тув. – ак; түр. – бейаз; ноғ. – ак; башқ. – ак; алт. – ак; құм.– акъ; әзірб. – ағ; чув. – шуря. Бұл есім сөздің қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысына назар аударсақ, түрік пен чуваш тілдерінен басқа тілдердегі нұсқасы фонетикалық өзгерістерімен ғана ерекшелінеді. Оларды бір түбір деп тануға болады. Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, қазіргі чуваш тілі фин-угор субстратының әсерінен түркі тілдерінен өзгешелік орын алған. Тағы бір ерекше қолданыс түрік тіліндегі «бейаз» сөзіне келсек, ол араб тіліндегі «байад» сөзінің өзгертілген түрі. Махмұт Қашқари өз сөздігінде ақ – бір нәрсенің ақ түсі деген мағынасын көрсетеді. Тағы да басқа пікірлерге сүйенсек, «ақ» сөзі орта ғасырда етістік ақғ – «ағу» деген сөзден шықты деп есептейді В. В. Бартольд. Қазақ тіліндегі атауларға қарасақ, судың бастапқы арнада ағып жатқан бөлігі «ақ» деп аталады. Мысалы, Ақсу немесе Ақдария. Жасанды су арналары, канал секілді су көздерінен Қарасу немесе Қарадария атаулары бар. Сонымен қоса «ақ» сөзі түркі тілдерінде әлемнің батысын, батыс құбыланы, батыстағы елдерді атау мақсатында қолданған. Мысалы, түрік тілінде Жерорта теңізі «Ақ теңіз» аталады. Батыс теңізі мағынасын берген.

Талдауға алынған есім сөздердің бірі – «сары». Ескерткіш мәтінінде жиі қолданылған түс атауының бірі: «*de yahşı levn süngüde sarı levn bolur takı kalgan*». Махмұт Қашқаридың сөздігінде «сары» сөзінің екі мағынасы ұсынылған. Біріншіден, сары және қою сары нәрсені «*Sarıq, sar-sarıq*» – сап-сары дейді. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі сын есімнің күшейтпелі шырайына сәйкеседі. Сонымен бірге ауру-сырқауға қатысты, мысалы, адамның өтінде болатын ауруды, яғни сары ауруды да «*sarıq suv*» деп атаған. Сөздікке жүгінсек, XI ғасырда «сары» түс атауы «сарығ» деп қолданылған деп түйін жасаймыз. Дегенмен XIV ғасырда осы сөздегі «ғ» әрпінің түсіп қалу құбылысын қолжазба мәтіндерінен білеміз. Сонымен қазіргі қазақ тіліндегі «сары» деп қолданылуы ортағасырлық кезеңдерден бастап тұрақталған. Түрлі қолжазбаларда «сары» деген сөздегі бастапқы «с» әрпі алғаш қатаң «с» әрпі арқылы берілсе, XI ғасыр ескерткішінде қазақ тілінің әліпбиіндегі «с» әрпімен үндес «ш» әрпімен берілген жағдайлар да кездеседі екен. Мәтіннің түрік тіліндегі зерттелген нұсқасында «*de yahşı levn süngüde sarı levn bolur takı kalgan*» деп берілгеніне назар аударсақ, «ғ» әрпі түсіп қалып, қазақ тіліндегі қолданысына сәйкес келіп тұр.

Осы заманғы түркі тілдерінде сары сөзінің қолданысын қарастырсақ: қаз. – сары; хак. – сарығ; тат. – сары; түрк. – сары; өзб. – сарик; қырғ.– сары; қ.қалп. – сары; ұйғ. – серик;

тув. – сарыг; түр. – сары; ноғ. – сары; башқ. – һары; алт. – сары; құм. – сари; әзірб. – сары; чув. – сарӓ. Түркі тілдеріндегі осы қолданыс нұсқаларына сүйенсек, «сары» түс атауының ортағасырлық ескерткіш тіліндегі нұсқасы түркі тілдері ішіндегі қыпшақ тобындағы тілдермен барынша сәйкес келеді. Басқа түркі тілдерінде фонетикалық өзгерістер орын алғанымен, жалпы аталуы бірдей. Хакас, өзбек, ұйғыр, тува тілдерінде сөздің соңында «-ғ, -г, -қ» дыбыстары сол күйінде сақталып қалған. Бұл XI ғасырдан бері осы тілдерде өзгеріске ұшырамағандығын білдіреді.

Мәтінде кездесетін түс атауларының бірі – **қызыл**. «Қызыл» түс атауы Махмұт Қашқаридің еңбегінде қаралып, мағынасы берілген. Біріншіден, сын есім – заттың түсін білдіреді. Екіншіден, Қашқарды кесіп өтетін бір өзеннің атауы екен. Еңбекте жырдан алынған мынадай мысал беріледі: *kızıl sarıq arqaşır* – қызыл сарығ арқашып – Қызыл, сары (гүл-бәйшешектер) [11, 208]. Аталған сөздің қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысын мына тізімде ұсынамыз: қаз. – *қызыл*; хак. – *хызыл*; тат. – *кызыл*; түрк. – *гызыл*; өзб. – *қизил*; қырғ. – *кызыл*; қарақалп. – *қызыл*; ұйғ. – *қизил*; тува. – *кызыл*; түр. – *кызыл*; ноғ. – *кызыл*; башқ. – *кызыл*; алт. – *кызыл*; құм. – *къызыл*; әзірб. – *гызыл*; чув. – *хёрлӓ*. Еңбекте қызыл сөзінің «*yirliğı kızıl bolur*» мысалы қолданылып, «қызыл» нұсқасы анықталып отыр. Келтірілген тізімді сараласақ, чуваш тілінен өзге түркі тілдеріндегі қолданыстардағы «қызыл» түс атауы ортағасыр ескерткіш тіліндегі қолданыспен сәйкес келеді. Қазіргі түркі тілдерінде фонетикалық өзгерістер болатындығын ұмытпаған дұрыс. Мұнда әр халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен қатар, басқа тілдердің әсері де болуы мүмкін.

«Мүнйетүл-Гүзат» ескерткішінде кездесетін түс атауларының бірі – жасыл. Жасыл сөзі еңбекте «*baszisi-ning yaşıl bolur*» (иашыл) деп берілген. «Диуани лұғат ит-түрік» сөздігінде «иашыл», «Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ат-туркия ала тамам уа ал-камал» атты ескерткіште «иашшил» деп ұсынылады. Қазақ тілінде «и» дыбысының «ж» дыбысына өзгеруі орын алғаны белгілі. Сын есімнің күшейтпелі формасы сол кезеңнен «жап-жасыл» күйінде қалыптасқан. Осы заманғы түркі тілдерінде бұл сөздің қолданысын мына тізімнен тани аламыз: қаз. – *жасыл*; хак. – *ноған чазыл көк*; тат. – *яшел*; түрк. – *гөк яшыл*; өзб. – *яшил*; қырғ. – *жашыл көк*; қ.қалп. – *көк жасыл*; ұйғ. – *йешил көк*; тув. – *ногаан көк*; түр. – *йешил*; ноғ. – *ясыл*; башқ. – *йәшел*; алт. – *јажыл көк*; құм. – *яшыл гёк*; әзірб. – *јашыл көј*; чув. – *симӓс ешӓл*. Түркі тілдерінің ерекшелігіне тоқталған М. Қашқари қыпшақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері қатарында қыпшақтарда «й» дыбысының орнына «дж (ж)» дыбысы айтылатындығын ескерткен. М. Қашқари еңбегіндегі «и» дыбысымен басталатын сөздерді қазіргі қазақ тілімен салыстыра қарағанда, қазіргі қазақ тілінде «ж» дыбысы қолданылатындығы белгілі болды. Олардан мысал келтірсек, йалим (желім), йарим (жарым), йаруқ (жарық), йастуқ (жастық) йумшақ (жұмсақ) секілді дыбыстық жағынан өзгерістерімен қалыптасқан сөздер екендігі көрініп тұр [11, 52]. Берілген мысалдарды қарасақ, «жасыл» сөзі қазіргі түркі тілдерінде ортағасырлық ескерткіштегі «йашил» деген нұсқамен сәйкес келеді. Туыстас тілдер ішінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ, алтай, әзірбайжан тілдерінде ғана «ж» дыбысы орын алмастырған. Кей тілдерде «жасыл» сөзінің бірнеше синонимдік атаулары бар. Тува тілінде «жасыл» не «яшыл» деген нұсқалары көрсетілмеген. Осы тілде ғана бұл нұсқа табылмады.

Аталған ескерткіш мәтінінің есім сөздерінің бір тобына жасалған талдау негізінде жалпы 28 соматизм кездесіп, олар мағыналық тұтастығына қарай 4 топқа жіктелді.

Талдау ескерткіштегі соматизмдердің қазіргі түркі тілдеріндегі ұқсастығын көрсетуге негізделді. Бұл атаулардың басым көпшілігі қазіргі түркі тілдерімен сәйкеседі және лексикалық тұрғыдан мағыналары тұрақты. Талданған сөздерде *б-п, с-ш, й-ж* секілді дыбыстық өзгерістер кездеседі. Дегенмен сөздерді және олардың мағынасын сөздік көмегінсіз түсінуге болады. Сонымен қатар ескерткіш мәтінінде 6 түр-түс атауы қолданылған. Түстерді шын өмірде материалдық дүниенің түр-түсі ретінде ғана тану әлем тілдерінің бәріне ортақ заңдылық. Ал «адам-тіл-мәдениет» жүйесінде түс атаулары әлеуметтік, рухани әлемді, мәдени салт-дәстүрлерді, ұлттық ерекшеліктерді анықтайтын фактор ретінде танылып отыр. Түркі халықтарында түр-түс атауларының ой өрісінің бір қыры, дүниені эмоционалды түрде қабылдау формасы, құбылыстарды салыстыра бағалау құралы ретіндегі орны ерекше.

Қорытынды

Соғыс өнері және атбегілікке қатысты еңбектер мәмлүк қыпшақтарына қатысты ескерткіштердің маңызды бір бөлігін құрайды. «Китаб фи-Илмин-Нушшаб», «Китабул Хайл», «Байтаратул-Вазых» секілді осы топтағы еңбектер қатарына «Мүнйетүл-Гүзат» ескерткіші де мағыналық және мазмұндық жағынан қосылады. Бұл еңбекті Мухаммед бин Якуб (1315-1362) жазғаны белгілі. Жазба мәтіннің көшірілген, аударылған уақыты мен оның аудармашысы бізге белгісіз. Қыпшақ тіліне тиесілі бұл еңбек тіл тарихы тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Мақала мазмұнында қамтылған соматизмдер мен түр-түс атаулары түркі тілдерінің басым көпшілігінде сақталып, мағыналық жағынан кеңейіп, сөзжасамдық қырынан қабілетті екені көрініп отыр. Аталған ескерткіштердің лексикалық қоры, морфологиялық құрылымы тілдік тұрғыдан, ақпараттар тарихи әрі танымдық тұрғыдан толық зерттелуі тиіс. Алғашқы қадам ретінде ескерткіштің лексикалық ерекшелігін зерттеу қазіргі қазақ тіл білімі үшін маңызды.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР19679974 «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Arat R.R. "Kıpçak", İslam Ansiklopedisi, İstanbul, 1955, C. VI., s. 713-716.
2. Uğurlu Mustafa. "Münyetü'l-Güzat. Metin ve İndeks". - Ankara: Kültür ve Turizm Bakanlığı, 1987. – 333 s.
3. Tekindağ M.C.Ş. "Mısır ve suriye Türk Devletleri: Memlükler" // Türk Dünyası El Kitabı. – Ankara, 1976. s. 866-875.
4. Eckmann Janos. "Memlük-Kıpçakçasının Oğuzlaşmasına Dair" // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten. – Ankara, 1964, s. 35-41
5. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: «Арыс», 2004. – 360 б.
6. Eckmann Janos. "Memlük-Kıpçak edebiyatı" // Central Asiatic Journal, VIII. - Ankara, 1963. s. 85-99.

7. Богус З.А. Соматизмы в разносистемных языках: семантико- словообразовательный и лингвокультурологический аспекты (на материале русского, адыгейского и английского языков): дисс... к.фил.н.: 10.02.02. – Майкоп, 2006. – 222 с.

8. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. – Алматы: «Үш қиян», 2009. – 504 б.

9. Мамырбекова Г, Сейтбекова А. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. - Алматы: «Фирма Орнак», 2013. - 480 б.

10. Белбаева М. Қазақ тілінің омонимдер сөздігі: – Алматы: «Мектеп», 1988. - 193 б.

11. Қашғари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: Хант., 1998. – Т.3. – 600 б.

References

1. Arat R.R., “Kıpçak” [Kipchak], İslam An., VI, 713-716 (1995) [in Turkish]

2. Uğurlu Mustafa. “Münyetü'l-Güzat. Metin ve İndeks” (Kültür ve Turizm Bakanlığı, Ankara, 1987, 333 p.). [in Turkish]

3. Tekindağ M.C.Ş.. “Mısır ve suriye Türk Devletleri: Memlükler” [Turkish States of Egypt and Syria: Mamluks] // Türk Dünyası El Kitabı, 866-875, (1976). [in Turkish]

4. Eckmann Janos. “Memlük-Kıpçakçasının Oğuzlaşmasına Dair” [On the Oguzization of Mamluk-Kipchak] // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten, 35-41, (1964). [in Turkish]

5. Kaidar A., Orazov M. Turkitanuga kirispe [Introduction to Turkic studies] (Atys, Almaty, 2004, 360 p.). [in Kazakh]

6. Eckmann Janos. “Memlük-Kıpçak edebiyatı” [Mamluk-Kipchak literature] // Central Asiatic Journal, VIII, 85-99, (1963). [in Turkish]

7. Bogus Z.A. Somatizmy v raznosistemnykh yazykakh: semantiko-slovoobrazovatel'nyi i lingvokul'turologicheskii aspect (na materiale russkogo, adygeiskogo i angliiskogo yazykov): aftoreferat dis... kandidata filologicheskikh nauk [Somatism in multi-system languages: semantic-word-formation and linguoculturological aspects (based on the material of Russian, Adyghe and English languages) abstract of Candidate of Philological Sciences thesis]. 02.10.02. Maykop, 2006. P. 222. [in Russian]

8. Sagyndykuly B. Tandamaly tuyndylar [Selected works] (Ush kiyen, Almaty, 2009, 504 p.). [in Kazakh]

9. Mamyrbekova G, Seitbekova A. Abilgazy bahadur khannyn “Turki shezhiresinin” tezaurus sozdigi [Thesaurus Dictionary of the "Turkic Chronicle" of Abilgazy Bahadur Khan] (Firma Ornak, Almaty, 2013, 480 p.). [in Kazakh]

10. Belbaeva M. Kazak tilinin omonimder sozdigi [Dictionary of homonyms of the Kazakh language] (Mektep, Almaty, 1988, 193 p.). [in Kazakh]

11. Kashgari M. Turik tilinin sozdigi (Diواني lugat-it-tutik) Dictionary of the Turkish language (Diواني lugat-it-Turkish): collection of works in 3 volumes. Vol. 3. Translated into Kazakh, preface and scientific explanations by A. Egubay. (Khant, Almaty, 1998, 600 p.). [in Kazakh]

Г.А. Бегимова, Н.К. Шалгынбай, М.Ж. Ескиндинова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Лексические особенности именных слов в памятнике письменности «Мунйетуль-гюзат»

Аннотация. Традиции сравнительного изучения тюркских языков, создания словарей, обучения кыпчакскому языку для представителей других национальностей составляют одну эпоху на земле мамлюков. Памятники, относящиеся к этой эпохе, имеют различное назначение и содержание. В статье анализируется лексическая специфика именных слов на памятнике «Мунйетуль-Гюзат», относящихся к периоду мамлюкских кипчаков. Соматизмы и названия видов и цветов в тексте сравниваются с современными казахскими и тюркскими языками. Мамлюкские кыпчаки составляют значительную часть памятников капшакской письменности в целом. В период мамлюкских кипчаков были написаны словари, произведения, грамматические произведения для изучения языка. Это наследие напрямую связано с кыпчакским языком. Имеет значение при изучении истории становления Казахского языка как устной речи кипчаков в Средние века, так и литературных вариантов языка. "Мунйетуль-Гюзат" - произведение, посвященное военному искусству. Этот памятник еще не полностью изучен в лингвистике. Что касается истории казахского языка, то изучение лексики этого текста важно для лингвистики.

Ключевые слова: мамлюкские кыпчаки, кыпчакский язык, именные слова, соматизмы, названия видов и цветов.

G.A. Begimova, N.K. Shalgynbay, M.Zh. Eskindirova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Lexical features of nominal words on the monument of writing «Munyetul-Gyuzat»

Abstract. The traditions of comparative study of Turkic languages, creation of dictionaries, and teaching the Kipchak language to representatives of other nationalities constitute one epoch in the land of the Mamluks. Monuments belonging to this era have different purposes and contents. The article analyzes the lexical specificity of the nominal words on the monument "Munyetul-Gyuzat", belonging to the period of the Mamluk Kipchaks. Somaticisms and names of species and colors in the text are compared with modern Kazakh and Turkic languages. Mamluk Kipchaks make up a significant part of the monuments of Kapshak writing in general. During the period of the Mamluk Kipchaks, dictionaries, works, and grammatical works were written to study the language. This heritage is directly related to the Kipchak language. It is important in studying the history of the formation of the Kazakh language, both the oral speech of the Kipchaks in the Middle Ages and literary variants of the language. "Munyetul-Guzat" is a work dedicated to the art of war. This monument has not yet been fully studied in linguistics. As for the history of the Kazakh language, the study of the vocabulary of this text is important for linguistics.

Keywords: Mamluk Kipchaks, Kipchak language, nominal words, somatisms, names of species and flowers.

Авторлар туралы мәлімет:

Бегимова Г.А. – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Шалғынбай Н.Қ. – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ескиндиrowa М.Ж. – PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Begimova G.A. – Candidate of philological sciences, Associate professor of Eurasian National University named after L.N. Gumilev, Astana, Kazakhstan..

Shalgynbay N.K. – PhD student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Eskindirova M.Zh. – PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).